

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ**

**М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың
сапаны ішкі қамтамасыз ету
СЯЯСАТЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ**

Петропавл, 2019



БЕКІТЕМІН

М. Қозыбаев атындағы

СҚМУ-дың ректоры

С. Өмірбаев

2019 ж. «14» маусым



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

1. Кіріспе

- 1.1. Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты сапаны қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамыту бойынша М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да белгіленген жалпы тұрғыларды, басты принциптерді және негізгі әдістерді қамтиды.
- 1.2. Саясат стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады және басқа құжаттармен: университеттің миссиясымен, стратегиялық жоспарымен, академиялық саясатымен, сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттарымен бірге қаралады.
- 1.3. Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары университеттің сапаны қамтамасыз ету ішкі жүйесінің дәйекті және логикалық түрде құрылған негізі болып табылады. Жүйе тұрақты жетілдіру циклі болып саналады және сапаны дамыту мәдениетін университет жұмысының барлық деңгейлерінде қолдайды.
- 1.4. Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясатының мақсаттары:
 - білім беру сапасын қамтамасыз ету ішкі жүйесінің жалпы құрылымын анықтайды;
 - білім беру сапасын қамтамасыз ету мен жетілдіруге мүмкіндік береді;
 - өзара сенімді қолдайды және білім алушылар оқу нәтижелері мен ұтқырлығының білім беру ұлттық жүйесінің аясынан тыс танылуына көмектеседі;
 - Қазақстанның білім беру кеңістігі мен Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету бойынша ақпаратты ұсынады.
- 1.5. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, сабақ беру, оқыту арасындағы байланысты қамтып көрсетеді және ұлттық мәнмәтінмен қатар, жоғары оқу орын ішіндегі мәнмәтінді де ескереді.
- 1.6. Саясат университеттің барлық бөлімшелерінің қатысуын жобалайтын сапаны ішкі қамтамасыз ету үдерістері мен стандарттары арқылы жүзеге асырылады.
- 1.7. Саясат пен стандарттардың ресми мәртебесі бар және көпшілікке университеттің www.nkzu.kz сайтында қол жетімді.
- 1.8. Саясат өзгермелі талаптарға сәйкес іске асырылады, бақыланады және қайта қаралады.

2. Анықтамалар

- 2.1. Білім беру сапасы – білім алушы білім беру қызметінің және даярлығының мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, кәсіптік стандарттарға және негізгі стейкхолдерлердің қажеттілігіне сәйкестік дәрежесін, сондай-ақ, білім беру

бағдарламасының жоспарланған мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін білдіретін олардың кешенді сипаттамасы.

2.2. Сапаны қамтамасыз ету – белгілі бір шарттарды құру және білім беру бағдарламалары, білім беру мүмкіндіктері мен құралдары мазмұнының белгіленген мақсаттарға және талап етілетін сапа деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ететін қажетті ресурстарды бөлу үдерісі.

2.3. Университеттің сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесі – бұл білім беру бағдарламаларының сапасын тұрақты арттыруға және үздіксіз жетілдіру мәдениетін дамытуға қажетті ЖОО ұйымдық құрылымының, ішкі құжаттаманың, көрсеткіштердің, үдерістердің және ресурстардың жиынтығы.

2.4. Сапа мәдениеті – бұл университеттің барлық қызметкерлері қолдайтын сапаның негізгі қағидаларын қамтитын ұйымдастыру тәртібі. Университеттің сапа мәдениеті ескереді:

- қызметкерлердің "білім беру сапасының" ортақ анықтамасын және білім беру сапасының мәселесіне ортақ көзқарасын қалыптастыруды;
- әрбір қызметкермен тікелей оған білім беру сапасы нені білдіретінін және өз жұмыс орнында жоғары сапаға қалай қол жеткізуді түсінуді;
- құрылымдық бөлімшелермен жоғары сапаға қол жеткізудің жолдарын анықтауды және түсінуді;
- сапаны басқару мүмкіндігін айқын түсінуді, және бұл үдерістің әдістерін анықтауды.

2.5. Стейкхолдер – университет қызметінің нәтижелеріне мүдделі тұлға (немесе тұлғалар тобы).

Ішкі стейкхолдерлерге университет білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлері бойынша білім алушыларды, профессор-оқытушылар құрамын және қызметкерлерді жатқызады.

Сыртқы стейкхолдерлерге университет түлектерді, жұмыс берушілерді, заңнамалық және уәкілетті органдарды, серіктестерді жатқызады.

3. Сапаны қамтамасыз ету қағидалары

3.1. Университет берілетін білім сапасына және оны қамтамасыз етуге жауапты.

3.2. Университет сапаны қамтамасыз етудің келесі негізгі қағидаларын анықтайды:

- Сапаны қамтамасыз ету жоғары білім беру жүйесінің, оқу орындарының, білім беру бағдарламаларының және студенттердің түрлілігіне сәйкес келеді.
- Қызметтің нормативтік және заңнамалық талаптарға, ESG ұсынымдарына және ИСО 9001 стандартының талаптарына сәйкестігі.
- Университет басшылығының жетекші рөліне стратегияның, саясаттың және рәсімдердің тұтастығын қамтамасыз ету, барлық қызметкерлерді сапаны қамтамасыз ету мен арттыру қызметіне тартуды, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету кіреді.
- Ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен үміттерін есепке алу, оларды білім беру сапасын қамтамасыз ету және арттыру қызметіне белсенді тарту.
- Білім алушыларға қатысты әділдік және мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету.

- Академиялық адалдықты және бостандықты, сыбайлас жемқорлыққа және кемсітушіліктің кез-келген түрлеріне төзбеушілікті қолдау.
- Үдерістер, сапа және стандарттар үшін жауапкершілікті нақты анықтау.
- Үдерістік тәсілді және тәуекел-бағдарланған ойлау қағидаларын қолдану.
- Деректер мен ақпаратты жан-жақты талдау негізінде маңызды басқарушылық шешімдерді қабылдау.
- Сапаны қамтамасыз ету жүйесін үздіксіз жетілдіру мен сапа мәдениетін дамыту үшін жағдай жасау.
- Ішкі және сыртқы тәуелсіз бақылауды қолдану.
- Сапаны қамтамасыз ету саясаттары мен стандарттарының тұрақты қайта қаралуын қамтамасыз ету.
- Мүдделі тараптар үшін ақпараттың айқындығын және қолжетімдігін қамтамасыз ету.

3.3. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру университетпен іске асырылатын барлық білім беру бағдарламаларына қолданылады.

4. Сапаны қамтамасыз ету үшін жауапкершілік

4.1. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру университет басшылығы мен институттар, факультеттер, кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің ортақ жауапкершілігі болып табылады.

4.2. **Ректор** университетті жалпы басқаруды жүзеге асырады, білім беру бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді, университет қызметінің нормативтік және заңнамалық талаптарына сәйкестігіне жауапты.

4.3. **Ғылыми кеңес** ЖОО-ның даму тұжырымдамасын айқындайтын және ЖОО қызметінің барлық түрлерін ұйымдастырудың барлық негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын университетті басқарудың алқалы органы болып табылады. Ғылыми кеңес сапаны қамтамасыз ету саясатын, академиялық саясатты, сапаны қамтамасыз ету стандарттарын, білім беру бағдарламаларын, білім алушыларды қабылдау рәсімдерін және олардың оқу нәтижелерін бағалауды бекітуге жауапты.

4.4. **Бірінші проректор** университеттің даму стратегиясын әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді, халықаралық ынтымақтастық, білім беруді интернационалдандыру және ақпараттандыру саласындағы университет қызметінің нәтижелілігіне жауапты.

4.5. **Академиялық сауалдар жөніндегі проректор** университеттің оқу және оқу-әдістемелік жұмысын жоспарлауды, ұйымдастыруды және бақылауды қамтамасыз етеді. Академиялық сауалдар жөніндегі проректор академиялық қызметтің даму стратегиялық жоспарын, университеттің академиялық саясатын, білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен мониторингілеу рәсімдерін әзірлеуге жауапты.

4.6. **Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор** ғылыми және инновациялық қызметті жалпы басқаруды жүзеге асырады, саясатты, ғылым және инновациялар бойынша даму стратегиялық жоспарын әзірлеуге, білім беру үдерісін оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етуге жауапты.

4.7. **Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор** университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер қызметін басқаруды жүзеге асырады, білім алушыларға әлеуметтік жағдайлардың сапасын қамтамасыз етуге жауапты.

4.8. **Оқу-әдістемелік кеңес** білім беру бағдарламаларын әзірлеуге сапасын арттыруға және білім беру үдерісін әдістемелік және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасының

мониторингіне бағытталған жалпы университеттік іс-шараларды анықтайды және әзірлейді.

- 4.9. **Ғылыми-техникалық кеңес** университеттің ғылыми-білім беру саясатын анықтайды, ғылым мен білімнің бірігуіне жәрдемдеседі, білім беру бағдарламаларын жетілдіруді және оқытудың жаңа технологияларын енгізуді қамтамасыз етеді, ғылыми зерттеулер, инновациялар, оқыту және оқыту арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.
- 4.10. **Стратегия, сапа және интернационалдандыру департаменті** университеттің даму стратегиясын, сапаны қамтамасыз ету саясаты мен стандарттарын әзірлеуге жауап береді, стратегиялық құжаттарды орындау мониторингін, ішкі нормативтік құжаттарды басқаруды, білім беру бағдарламаларын және ішкі және сыртқы бағалау рәсімдерінің қорытындысы бойынша университеттің қызметін жетілдіру бойынша шараларды әзірлеуді жүзеге асырады.
- 4.11. **Академиялық қызмет жөніндегі департаменті** білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге, мониторинг жүргізуге және бағалауға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етуге, академиялық қызмет бойынша ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіруге, оқу-әдістемелік құжаттарды уақтылы бекітуге жауапты.
- 4.12. **Білім беруді ақпараттандыру департаменті** білім беру үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу үшін жағдай жасайды.
- 4.13. **Ғылым департаменті** университеттің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға жүйелі тәсілді қамтамасыз етуге жауапты, ғылыми қызметтің нәтижелерін және ғылыми зерттеулер, инновациялар, сабақ беру және оқыту арасындағы тұрақты байланыс мониторингін қамтамасыз етеді.
- 4.14. **Тәрбие және әлеуметтік жұмысы жөніндегі департамент** тәрбие жұмысы мен әлеуметтік қызметті ұйымдастыруға жүйелі тәсілді қамтамасыз етуге, білім алушыларға қатысты әділдікті және мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етуге, академиялық адалдық және бостандық, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез-келген түрлеріне төзбеушіліктің корпоративтік мәдениетін қалыптастыруға жауапты.
- 4.15. **Шаруашылық жұмыс жөніндегі департамент** университеттің шаруашылық қызметін басқаруды жүзеге асырады, университеттің инфрақұрылым жағдайына, қызметкерлер мен білім алушыларға салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға жауапты.
- 4.16. **Академиялық комитеттер** факультеттердің/ТжӘИ-дің кеңестерінде сайланатын академиялық қызметті басқарудың алқалы органдары болып табылады. Академиялық комитеттер тиісті бағыт бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, мониторингілеуге және жетілдіруге жауапты.
- 4.17. **Тіркеуші офісі** кредиттерді есепке алу және қайта есептеу негізінде білім алушылардың академиялық рейтингін анықтайды.
- 4.18. «QYZYLJAR» **студенттерге қызмет көрсету орталығы** қызмет көрсету стандарттары негізінде «бір терезе» қағидаты бойынша оқу-білім беру процесінің жылдам және сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді. СҚҚО қызметінің негізгі қағидалары: студентке бағдарлану, қызметтерді стандарттау, мәселелерді шешудегі объективтілік, алынған ақпараттың құпиялылығы болып табылады.
- 4.19. **Мансап және жұмыспен қамту орталығы** білім алушылардың кәсіби тәжірибесін ұйымдастыруға, бітірушілердің жұмысқа орналасуын ұйымдастыруға және мемлекеттік-жеке серіктестік жүйесін дамытуға жауапты.
- 4.20. **ТжӘИ-дің директоры, МЖМ директоры, факультет деканы** институтқа/факультетке жалпы басшылық жасайды, осы Саясатты жүзеге асыруға,

тиісті білім беру бағдарламаларын реттейтін стандарттар мен талаптарды орындауға жауапты.

- 4.21. **Институт/факультет кеңесі** алқалы басқару органы болып табылады және институт/факультет, кафедралар мен білім беру бағдарламаларын дамыту тұжырымдамасын анықтайды.
- 4.22. **Институттың/факультеттің оқу-әдістемелік кеңесі** білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға, оқу үдерісін әдістемелік және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасын сараптауға және мониторингілеуге бағытталған іс-шараларды институт/факультет деңгейінде анықтайды және әзірлейді.
- 4.23. **Кафедра меңгерушісі** профессор-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруды жүзеге асырады. Кафедра меңгерушісі нақты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, мониторинг жүргізуге және жетілдіруге жауапты.
- 4.24. **Профессорлық-оқытушылар құрамы** оқытушылық қызметтің, оқу-әдістемелік құжаттаманың сапасына, оқу үдерісінің тиісті білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен оқу нәтижелеріне сәйкестігіне жауапты.
- 4.25. **Қабылдау комиссиясы** кәсіптік бағдарлы жұмысты жүзеге асырады, құжаттарды қабылдауды және талапкерлерге университетке түсу үшін жағдайларды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Қабылдау комиссиясы талапкерлерді қабылдау ережелерінің сақталуы мен айқындығына жауапты.
- 4.26. **Foundation факультеті** одан әрі университетке және Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін тыңдаушылардың білім деңгейін пәндерді тереңдетіп оқыту арқылы көтеруді қамтамасыз етеді.
- 4.27. **Қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты** профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің дамуы үшін кәсіби жағдайларды қамтамасыз етеді.
- 4.28. **Кітапхана** білім беру үдерісінің оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетпен қамтамасыз етілуіне жауап береді.
- 4.29. **Медиа орталық** стейкхолдерлерді және көпшіліктің университеттің қызметі және білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.
- 4.30. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері бөлімшелер қызметінің белгіленген мақсаттар, міндеттер мен қызметтерге сәйкестігін қамтамасыз етуге жауапты.
Сапаны қамтамасыз ету мен арттыру үшін толық жауапкершілік Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерге, Алқалық органдар мен лауазымдық нұсқаулықтар туралы ережелерге сәйкес бөлінген.

Сапаны ішкі қамтамасыз етуге арналған стандарттар

5. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту

Университет білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуге арналған рәсімдерді анықтайды. Білім беру бағдарламалары ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып, Дублин дескрипторларының негізінде қалыптастырылған оқытудың болжалды нәтижелерін қоса алғандағы қойылған мақсаттарға сай келеді. Білім бағдарламасын меңгеру нәтижесінде алынатын біліктілік нақты анықталған және жоғары білім берудегі біліктіліктің ұлттық шеңберінің белгілі бір деңгейіне, Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес келеді.

- 5.1. Университет ҚР МЖМБС-ның, кәсіби стандарттардың, университеттің даму стратегиясы мен ең үздік практика мысалдарының талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді. Бағдарламаларды әзірлеу кезінде университет:
- білім беру бағдарламалары мақсаттарының университеттің даму стратегиясына сәйкестігін;
 - анық белгіленген күтілетін оқу нәтижелерінің болуын;
 - білім беру бағдарламаларын әзірлеуге білім алушылардың және басқа да стейкхолдерлердің қатысуын;
 - сыртқы сараптамаларды өткізуді және анықтамалық-ақпараттық ресурстардың болуын;
 - білім алушыны бағдарламаны игеру барысында тұрақты кедергісіз алға басуын;
 - білім алушылардың болжамды жүктемесін анықтауды;
 - практикадан және тағылымдамадан өту мүмкіндігінің берілуін;
 - бағдарламаны ресми бекіту үдерісін қамтамасыз етеді.
- 5.2. Білім беру бағдарламалары құрамына жетекші оқытушылар, жұмыс берушілердің өкілдері, білім алушылар кіретін академиялық комитеттермен әзірленеді.
- 5.3. Білім беру бағдарламаларын Дублин дескрипторлары негізінде Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес Университет дербес әзірлейді.
- 5.4. Білім беру бағдарламалары мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі контекстінде әзірленеді және құзыреттілік нысанында көрсетілген оқыту нәтижесіне бағытталған. Жаңа білім беру бағдарламаларын төмендегілерді ескере отырып жүргізіледі:
- 2016 жылғы Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумның «The Future of Jobs» Есебінде белгіленген, 2020 жылға қарай ірі жұмыс берушілерде ең талап етілетін құзыреттіліктер;
 - «СКОЛКОВО» Мәскеу мектебінің және «Жаңа жобаларды ілгерілету бойынша стратегиялық бастамалар агенттігі» АНО мамандары әзірлеген «2020-2030 жылғы жаңа кәсіптердің атласында» белгіленген болашақ кәсіптері құзыреттілігі;
 - пәнаралық сипаты бар модульдер мен пәндердің үлесін арттыру;
 - негізгі білім беру бағдарламасын (Major) және қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) ескере отырып;
 - жоғары оқу орындары мен Назарбаев Университетінің тәжірибесі.
- 5.5. Білім беру бағдарламалары модульдік қағидат бойынша қалыптасады. Білім беру бағдарламасының әрбір модулі оқытудың белгілі бір нәтижесіне, яғни құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған. Оқыту нәтижелері жалпы бағдарлама бойынша, әрбір модуль және жеке пән бойынша тұжырымдалады.
- 5.6. Білім беру бағдарламасын әзірлеу рәсіміне кіреді:
- 1) Кәсіби стандарттың мазмұны және/немесе жұмыс берушілердің талаптарын зерттеу негізінде бітірушінің біліктілік сипаттамасын анықтау. Құзыреттілік түрінде түлек моделін қалыптастыру.
 - 2) Білім алушыға бағытталған оқыту аясында оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи әдістері негізінде оқытудың стратегиялық және концептуалды стратегияларын анықтау.
 - 3) Қажетті ресурстарды (ПОҚ, кітапханалық қамтамасыз ету, оқу-зертханалық жабдықтар және т. б.), білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысуға мүдделі

элеуметтік серіктестер тұлғасындағы элеуметтік ресурстарды (кәсіптік практика базасы, өндірістегі кафедралар бөлімшелері және т. б.) анықтаумен білім беру бағдарламаларын табысты іске асыру бойынша Университеттің мүмкіндіктерін зерттеу.

- 4) Қосымша білім беру бағдарламаларының тізімін анықтау (Minor).
 - 5) Тұтынушылардың талаптарын ескере отырып, бір бағдарлама шеңберінде мүмкін білім беру траекторияларын белгілеу.
 - 6) Дублиндік дескрипторларға, бітірушінің біліктілік сипаттамасына сәйкес және ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып, оқытудың мақсатын, құзыретін және нәтижелерін анықтау. Күтілетін нәтижелерді анықтау және білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар ескеріледі:
 - академиялық комитеттердің жұмысына қатысу арқылы аралас пән облыстарынан академиялық персоналдың;
 - академиялық комитеттердің жұмысына және білім беру бағдарламаларын сараптауға қатысу, түлектерді даярлау сапасын бағалау бойынша сауалнама жүргізу арқылы жұмыс берушілердің;
 - академиялық комитеттердің жұмысына қатысу, сауалнама жүргізу кезінде білім беру бағдарламаларын бағалау арқылы;
 - басқа білім беру мекемелерінің, өнеркәсіп кәсіпорындары мен қоғамдық ұйымдардың кері байланыс тетіктері арқылы жүзеге асырылады.
 - 7) Оқу модульдерінің тізбесі мен көлемін анықтау, әрбір модуль бойынша күтілетін оқу нәтижелерін анықтау.
 - 8) Пәндер тізбесін, олардың көлемін, мазмұнын және күтілетін оқу нәтижелерін анықтау.
 - 9) Білім беру бағдарламасының білім беруді интернационалдандыру қағидаттарына сәйкестігін, аймақтық және республикалық еңбек нарығына және кәсіби қауымдастықтарға бағдарлануын, бағдарламаның бәсекеге қабілеттілігін, пәнаралық және мультидәріптестік қағидаттарын сақтауды талдау.
- 5.7. Білім беру бағдарламаларының сыртқы сараптамасын құрамына жұмыс берушілер, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың өкілдері кіретін сараптама тобы жүргізеді.
 - 5.8. Сараптау тобының қорытындысы негізінде білім беру бағдарламасы кафедра отырысында, институттың/факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде, университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып бекітуге ұсынылады және ЖОО-ның Ғылыми кеңесімен бекітіледі. келісілу мен бекітудің барлық кезеңдерінен өткеннен кейін білім беру бағдарламасы оқу процесіне енгізіледі.
 - 5.9. Білім беру бағдарламасының әдістемелік мазмұны каталогын, пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерді, практикалар бойынша оқу-әдістемелік кешендерді, сондай-ақ, 9.4 т. сәйкес анықтамалық-ақпараттық ресурстарды қамтиды.
 - 5.10. Білім беру бағдарламаларын мақсаттарының университеттің даму стратегиясына сәйкестігі білім беру бағдарламаларының даму жоспарларын әзірлеу арқылы қол жеткізіледі.
 - 5.11. Оқушылардың жүктемесі оқытудың нақты нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті білім алушылар мен оқытушылардың бір еңбек шығынының өлшем бірлігімен – кредиттермен анықталады.
 - 5.12. Білім алушылардың оқу жүктемесі аудиториялық сабақтарды және білім алушылардың өзіндік жұмысын, аралық аттестаттауды дайындау мен тапсыруды

камтиды. Аудиториялық сабақтардың оқу жүктемесінің өзге түрлеріне қатынасы жалпы жүктеменің кемінде 30% құрайды.

- 5.13. Оқу іс-шаралары теориялық оқытуды, оның ішінде дәрістерді, практикумдарды, зертханалық және курстық жұмыстарды, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу жұмысты, тағылымдамаларды, практиканы, қорытынды аттестаттауды қамтиды. Теориялық бөлім оларды зерттеу емтихандармен аяқталатын жеке модульдер түрінде көрсетілген. Модульге теориялық оқыту, практика, бітіру жұмысын (бакалаврлық, магистрлік немесе докторлық) орындау кіре алады.
- 5.14. Оқу жұмысының барлық түрлерінің бір академиялық кредиті 30 академиялық сағатқа тең. Бір кредит академиялық кезең бойы аптасына 1 академиялық сағатқа тең. Академиялық кезең 15 аптаны құрайды.
- 5.15. Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең. Ерекшелікті студиялық және зертханалық сабақтардың академиялық сағаты тиісінше 75 минутқа тең және дене шынықтыру сабақтарының – 100 минутқа тең студиялық және зертханалық сабақтар мен дене шынықтыру сабақтары құрайды.
- 5.16. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредиттерді игеруі тиіс. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру бағдарламасы бойынша студент кемінде 300 академиялық кредиттерді игеруі тиіс.
- 5.17. Ғылыми-зерттеу магистратурасында магистр дәрежесін алу үшін білім алушы барлық оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті, соның ішінде магистранттың оқу қызметінің барлық түрлерін меңгеруі тиіс.
- 5.18. 1 жыл оқу мерзімімен бейіндік магистратурада магистр дәрежесін алу үшін білім алушы барлық оқу кезеңінде кемінде 60 академиялық кредитті, оның ішінде магистранттың оқу қызметінің барлық түрлерін меңгеруі тиіс.
- 5.19. Оқу мерзімі 1,5 жыл бейіндік магистратурада магистр дәрежесін алу үшін білім алушы барлық оқу кезеңінде кемінде 90 академиялық кредитті, оның ішінде магистранттың оқу қызметінің барлық түрлерін меңгеруі тиіс.
- 5.20. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін білім алушы докторанттың оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 180 академиялық кредит алуы тиіс.
- 5.21. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету және еуропалық білім беру кеңістігінде білім беру бағдарламаларын тану үшін университет ECTS кредиттерін қайта есептеуді қамтамасыз етеді.
- 5.22. Университет білім беру траекторияларын қалыптастырудың, білімді бағалаудың, академиялық жетістіктерді есепке алудың және келесі курстарға көшірудің нақты регламенттелген рәсімдері арқылы бағдарламаны меңгеру процесінде білім алушының тұрақты кедергісіз жылжуын қамтамасыз етеді.
- 5.23. Білім бағдарламасын меңгеру нәтижесінде алынатын біліктілік жоғары білімнің, және, демек, жоғары білім беру Еуропалық кеңістігінің біліктілік шеңберінде Біліктіліктің ұлттық шеңберінің белгілі бір деңгейіне сәйкес нақты анықталған:
 - біліктілік деңгейі 6 – бакалавриат;
 - біліктілік деңгейі 7 – магистратура;
 - біліктілік деңгейі 8 – докторантура PhD.
- 5.24. Университет тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес дәреже береді.

6. Студентке бағытталған оқыту және үлгерімді бағалау

Университет білім беру бағдарламаларына студентке бағытталған оқытудың үдерістерін енгізеді; оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; уәждемені арттыруға және білім алушылардың оқу үдерісіне тартылуына жағдай жасайды; оқытудың нәтижелерін бағалаудың дәйектілігін және объективтілігін қамтамасыз етеді.

- 6.1. Университет білім алушылардың автономиясын дамыту үшін жағдай жасайды:
 - білім алушылар үшін түсінікті мақсаттар мен күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру;
 - оқытудың белсенді әдістерін енгізу;
 - жеке тұлғаға бағытталған тәсілді дамыту;
 - жеке оқу траекториясын қалыптастыру;
 - білім алушыларды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту;
 - білім алушылардың өздік жұмыстарының рөлін күшейту;
 - оқытуда зерттеу тәсілін қолдану;
 - оқытушылар тарапынан білім алушыларға деген оң көзқарасты қалыптастыру;
 - студенттік өзін-өзі басқарудың рөлін күшейту;
 - оқытудың қолайлы жағдайларын жасау.
- 6.2. Университет білім алушылармен жеке оқу траекториясын таңдау үшін жағдайлар жасайды. Оқу траекториялары:
 - оқу тілін, оқу түрін (күндізгі, сырттай), элективті пәндерді, оқытушыларды таңдау мүмкіндігін;
 - таңдау бойынша пәндерге электрондық тіркеуді;
 - жеке оқу жоспарын қалыптастыруды;
 - пәндерді қайтадан немесе қосымша оқуға арналған қосымша семестрді ұйымдастыруды;
 - дистанциялық технологиялар бойынша оқыту мүмкіндігін қамтиды.
- 6.3. Білім алушыларды пәндерді оқуға жазу рәсімін Тіркеу офисі, деканаттар, кафедралар және эдвайзерлер ұйымдастырады.

Пәнді оқуға жазылу рәсімі М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Академиялық саясатында егжей-тегжейлі анықталған.
- 6.4. Оқу пәндеріне тіркеу бірінші курстың білім алушылары үшін 30 тамызға дейін, екінші және жоғарғы курстың білім алушылары үшін академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.
- 6.5. Білім беру траекториясын өз бетінше таңдау үшін университет білім алушыларға барлық қажетті ақпаратты ұсынады: Қазақстан Республикасының білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, білім беру бағдарламасы, элективті пәндер каталогы, білім алушыларды пәндерге және оқытушыларға тіркеу ережелері.
- 6.6. Оқу пәндеріне тіркеу және білім алушының жеке оқу жоспарын қалыптастыру:
 - білім алушының кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерімен танысуын;
 - білім алушыны қосымша білім беру бағдарламаларымен таныстыру (Minor);
 - білім алушының элективті пәндердің тізбесі мен мазмұнымен және оларды зерттеудің реттілігімен танысуын;
 - пәнге жазылу
 - оқу пәндеріне тіркеудің және қайта тіркеудің белгіленген мерзімдерін сақтауды қамтиды.

- 6.7. Білім алушы жекелеген оқу пәндерін басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде де зерттей алады.
- 6.8. Білім алушы ақылы негізде тиісті деңгейдің білім беру бағдарламаларын игеруге арналған белгіленген кредит санынан аз кредит санымен өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастыра алады, сонымен бірге оқу мерзімі көбейеді.
- 6.9. Жеке оқу жоспары факультет деканымен /ТжӘИ директорымен үш данада бекітіледі: біреуі деканатта сақталады және оқу бағдарламасының білім алушылармен орындалуын және игеруін бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болады, екіншісі аралық аттестаттауды ұйымдастыру үшін Тіркеуші офісіне, үшіншісі білім алушыға тапсырылады.
- 6.10. Білім алушылардың өздік жұмыстарының рөлін күшейту және ынталандыру:
- студенттің өздік жұмысқа арналған сағат көлемін ұлғайту;
 - білімді меңгерудің белсенді әдістеріне бағытталу;
 - білім алушылардың шығармашылық қызметке, оқу пәндері бойынша олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы жұмыстар конкурстарына қатысуларына жағдай жасау;
 - білімді бақылаудың ынталандыру факторларын пайдалану (жинақтаушы бағалар, рейтинг, тесттер, стандартты емес емтихан рәсімдері);
 - студенттерді оқудағы және шығармашылық қызметтегі табыстар үшін (шәкіртақы, сыйлықақы беру) көтермелеу;
 - аудиторияда да, одан тыс жерлерде де орындалатын тапсырмаларды даралау, оларды тұрақты жаңарту;
 - білім алушылардың өздік жұмыстарын орындаудың мазмұнын, бағалау критерийлерін және кестесін жариялау есебінен қамтамасыз етіледі.
- 6.11. Білім беру бағдарламалары оқытудың білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді тартуға және оның білім беру үдерісінің нәтижелері үшін дербестігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған заманауи және тиімді әдістерін пайдалана отырып іске асырылады. Мұндай әдістер қатарына студент тұлғасын оның әлеуетін ашу мен іске асыру үшін белсенді ұстанымға қосуға, шығармашылық, оқу-тәрбиелік ортаны құруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ, болашақ маманның кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға жедел ықпал етуге көмектесетін проблемалық дәріс, кейс әдісі, проблеманы шешу әдісі, жобалар әдісі жатады.
- 6.12. Педагогикалық әдістерді бағалау және түзету ашық сабақтарды, сабақтарға өзара қатысуды, әдістемелік секциялар мен семинарлардың отырыстарын, оқу-әдістемелік кеңестердің жұмыстарын, шеберлік сабақтарын өткізуді ұйымдастыру шеңберінде жүргізіледі.
- 6.13. Оқытушы мен білім алушының өзара құрметінің сұрақтары оқытушылардың Ар-намыс кодексімен, профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің Корпоративтік мәдениеті кодексімен, білім алушының Ар-намыс кодексімен белгіленген қағидалар мен құндылық-этикалық нормалармен реттеледі.
- 6.14. ТжӘИ директоры, факультеттердің декандары, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері жұмысқа қабылдау кезінде оқытушылардың оқытушылардың Ар-намыс кодексімен, профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің Корпоративтік мәдениеті кодексімен танысуын қамтамасыз етеді.
- 6.15. Эдвайзерлер бірінші курсқа келіп түскен кезде білім алушылардың М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларына арналған ақпар-кітапша анықтамалығы мен білім алушының Ар-намыс кодексімен танысуын қамтамасыз етеді.

- 6.16. Білім алушылардың үлгерімін бағалаудың олардың болашақ мансабы үшін маңыздылығын назарға ала отырып, бақылаудың барлық түрлерін бағалаудың критерийлері мен әдістері оқудың басталғанға дейін электрондық кітапханада орналастырылатын жұмыс бағдарламаларында (силлабустарда) және пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінде жарияланады.
- 6.17. Білім алушылардың білімін бағалау үшін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі және ECTS бағаларына аудару ережелері қолданылады:
- А бағасы 4 баллға, 95-100%, «өте жақсы» бағасына сәйкес келеді;
 - А- бағасы 3,67 баллға, 90-94%, «өте жақсы» бағасына сәйкес келеді;
 - В+ бағасы 3,33 баллға, 85-89%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;
 - В бағасы 3,0 баллға, 80-84%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;
 - В- бағасы 2,67 баллға, 75-79%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;
 - С+ бағасы 2,33 баллға, 70-74%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;
 - С бағасы 2,0 баллға, 65-69%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкес келеді;
 - С- бағасы 1,67 баллға, 60-64%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкес келеді;
 - Д+ бағасы 1,33 баллға, 55-59%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкес келеді;
 - Д бағасы 1,0 баллға, 50-54%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкес келеді;
 - FХ бағасы 0,5 баллға, 25-49%, «қанағаттанарлықсыз» бағасына сәйкес келеді.
 - F бағасы 0 баллға, 0-24%, «қанағаттанарлықсыз» бағасына сәйкес келеді.
- 6.18. Білімді бағалаудың негізгі ережелері М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Академиялық саясатында анықталған. Университет оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау саясаты Академиялық адалдық, талаптардың бірлігі, объективтілік және әділдік, ашықтық және ашықтық принциптеріне негізделеді. Білімді бағалау белгіленген рәсімдерге сәйкес жүргізіледі және ағымдағы және аралық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.
- 6.18.1. Ағымдағы бақылау пәннің силлабуста көрсетілген кестеге сәйкес академиялық кезең ішінде студенттердің оқу жетістіктерін тексеруді қамтиды. Ағымдағы бақылау аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқу пәнінің тақырыптары мен модульдері бойынша жүргізіледі. Оқушылардың оқу жетістіктері әр орындалған тапсырма үшін 100-баллдық шкала бойынша бағаланады. Ағымдағы бақылаудың соңғы нәтижесі академиялық кезең ішіндегі барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасын есептеумен шығарылады.
- 6.18.2. Аралық бақылау бойынша бір оқу пәнінің бөлімнің (модульді) аяқталуынан соң теориялық оқытудың 8-ші және 15-ші апталарында бір академиялық кезең ішінде екі рет жүргізіледі. Межелік бақылауларды жүргізудің формасын оқытушы бекітеді. Жіберілген рейтинг бағасы жинақтаушы сипатқа ие және үлгерімді ағымдағы бақылау мен аралық бақылау бағаларынан құралады. Суммалық семестрлік рейтинг балынан 50%-дан кем жинаған студент емтиханға жіберілмейді.
- 6.18.3. Аралық аттестаттау емтихан сессиясы кезеңінде білім алушының бір оқу пәнінің оны зерделеп бітіргеннен кейінгі көлемі бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында өткізіледі. Университетт аралық аттестаттау өткізудің негізгі нысандары компьютерлік тестілеу, жазбаша емтихан, эссе, бақылау жұмысы, компьютерлік тестілеу, шығармашылық емтихан, бланк тестілеуі, ауызша емтихан, шығармашылық емтихан, шығармашылық жұмыс, реферат болып табылады. Емтиханда білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау 0-ден 100-ге дейінгі баллмен анықталады. Пән бойынша қорытынды баға жіберілу рейтингіден 60% мен 40% емтихан нәтижелерінен құралады.
- 6.18.4. Қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан тапсыру немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау түрінде өткізіледі.

- 6.19. Университет академиялық қарызды, академиялық айырмашылықты жоюға, оқу пәндерін қайта немесе қосымша зерттеуге және қосымша семестр кезінде ақылы негізде кредиттерді игеруге мүмкіндік береді. Қосымша семестр жазғы демалыс кезеңінде өткізіледі.
- 6.20. Күтілетін оқу нәтижелерін білім алушылармен жетістіктердің бағалаудың объективтілігі келесі механизмдер есебінен қамтамасыз етіледі:
- бағалау материалдары шығарушы кафедрада алдын-ала сараптаудан өтеді;
 - емтихандар тәуелсіз сарапшылармен компьютерлік, бақылау тестілеу түрінде немесе жазбаша түрде қабылданады, басқа түрдегі емтихандар, сондай-ақ, курстық жұмыстар комиссиялармен қабылданады.
 - академиялық құрам білімді тестілеу мен тексеру әдістерін меңгерген және осы салада өз құзыретін арттырады;
 - білімді бағалау нәтижелері электрондық жүйелерде тіркеледі және білім алушылар үшін бағалау өткізілетін күні қол жетімді болады;
 - оқытушылар мен білім алушылар арасында академиялық үлгерімінің мәселелері бойынша тұрақты кері байланыс қамтамасыз етіледі;
 - білімді бағалаудың барлық түрлері үшін апелляция рәсімі, сондай-ақ, дәлелді себептер болған жағдайда аралық бақылауларды өтудің және емтихан сессиясын ұзартудың қосымша мүмкіндіктері көзделген;
- 6.20.1. Университет Академиялық адалдық Лигасының мүшесі болып табылады және академиялық қызметте Академиялық адалдық қағидаларын ұстанады және академиялық ортада таратады. ЖОО-да білім алушылар мен ПОҚ Академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік белгіленген.
- 6.20.2. Академиялық адалдық принциптері, университеттік қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, академиялық адалдықты бұзу түрлері және оларды жасаған жағдайда әкімшілік шараларды қабылдау тәртібі М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Академиялық адалдық ережелерінде белгіленген.
- 6.21. Университет білім алушылардың шағымдарын студенттік ректорат, студенттік кәсіподақ, шығарушы кафедраның кураторлары/эдвайзерлері, деканат (директорат), тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, ректор деңгейінде қарау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Шағымдарды және ұсыныстарды қарау ректорға тікелей пошта, виртуалды қабылдау, ректор мен проректорлардың белгіленген қабылдау сағаттары арқылы жүзеге асырылады.

7. Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау

Университет білім алушыларды қабылдау мен шығарудың рәсімдерін, оқыту нәтижелерінің мониторингін, жоғары білім беру біліктіліктерін объективті тануды, оқыту кезеңдерін және алдыңғы білімді анықтайды, жариялайды және дәйекті түрде қолданады. Университет оқуды бітірген білім алушыларды алынған біліктілікті растайтын мемлекеттік үлгідегі диплом және қосымшамен қамтамасыз етеді.

- 7.1. Университетке қабылдауды Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес жүзеге асырады. Қабылдау рәсімі мен критерийлері бойынша ақпарат университет сайтында орналастырылады.
- 7.1.1. Бакалавриаттың білім беру бағдарламасына түсу үшін орта мектепті немесе колледжді немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы құжаттың болуы, Ұлттық бірыңғай

тестілеуді тапсырғаны туралы сертификаттың немесе түсу емтиханының нәтижелері (ақылы негізде, колледжден кейін), мемлекеттік білім беру гранты туралы сертификаттың немесе өту баллының кемінде 50 баллы болуы қажет. *«Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша - 60 баллдан кем емес, арнайы емтихан тапсырғаннан кейінгі рұқсатты есепке ала отырып «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім саласы бойынша - 65 баллдан кем емес болуы қажет.*

7.1.2. *Интернатураға қабылдау GPA негізінде конкурстық негізде интернатурада медициналық кадрларды даярлау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.*

7.1.3. Магистратураның білім беру бағдарламасына түсу үшін жоғары білім туралы құжат, шет тілінен тест тапсырғаны туралы сертификат (бар болса) болуы қажет. Магистратураға қабылдау кешенді тестілеудің (бұдан әрі-КТ) конкурстық негізінде жүзеге асырылады: *шет тілі және мамандық бойынша емтихан (2 пән). Шет тілі - таңдауы бойынша (ағылшын, француз, неміс; араб тілін білуді талап ететін мамандықтарға түсетін адамдар үшін араб тілі бойынша).*

7.1.4. Докторантураның білім беру бағдарламасына түсу үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың, шет тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың, болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми консультантпен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі, сондай-ақ *бір жылдан кем жұмыс өтілінің болуы қажет.*

Докторантураға қабылдау конкурстық негізде екі түсу емтиханының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады: мамандық бойынша және *шет тілінен тест тапсырғаны туралы сертификатты ескере отырып*, таңдауы бойынша бір шет тілінен (ағылшын, француз, неміс; араб тілін білуді талап ететін мамандықтарға түсуші тұлғалар үшін араб тілінен).

7.2. Университет қабылданған білім алушылардың академиялық кезеңнің басында ректор, декан, кураторлар мен эдвайзерлермен міндетті кездесулердің шеңберіндегі білім беру бағдарламасымен, оқу шарттарымен және академиялық мансаптың бар мүмкіндіктерімен танысуын қамтамасыз етеді.

7.3. Университет білім беру процесінің барлық негізгі кезеңдерін реттейтін Ішкі нормативтік құжаттардың тізілімін: кәсіптік бағдарлы жұмысты, контингентті қалыптастыруды, оқу процесін, білім алушылардың білімін, қорытынды аттесттауды қоса алғанда, бағалауды, оқу процесінің сапасын бақылауды, кәсіптік практиканы, түлектерді жұмысқа орналастыруды әзірлейді және қолдайды.

7.4. Ішкі нормативтік құжаттармен қашықтықтан білім беру технологиялары, сыртқы академиялық ұтқырлық, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы негізгі ережелері, оқытудың қысқартылған түрінде оқу пәндерін қайта есепке алу ережелері анықталады.

7.5. Білім алушылардың академиялық жетістіктері туралы ақпаратты жинау және бақылау ішкі нормативтік құжаттармен реттелген, оқу үдерісін басқару бойынша ақпараттық-талдау кешені арқылы жүзеге асырылады және:

- ағымдағы үлгерім нәтижелерін жинауды және бақылауды;
- аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелерін жинауды және бақылауды;
- GPA деңгейі бойынша саралауды;
- жұмысқа орналастыру нәтижелерін мен түлектердің қызметтік өсуі туралы ақпаратты жинауды және бақылауды;
- студенттер мен жұмыс берушілердің оқу сапасымен қанағаттандырылуын бақылауды қамтиды.

Бақылау нәтижелері негізіндегі кейінгі іс-әрекеттер ішкі нормативтік ережелермен анықталған.

- 7.6. Білім алушылармен корпоративтік мәдениетті қолдауы белгіленген ішкі еңбек тәртібінің және білім алушының Ар-намыс кодексінің ережелерімен қамтамасыз етіледі.
- 7.7. Еңбегін және оқу жетістіктерін тану ректордың грантын және академик Манаш Қозыбаевтың грантын беру туралы ережелерге сәйкес, сондай-ақ, оқуға төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы ережелерге сәйкес анықталады.
 - 7.7.1. Академик Манаш Қозыбаев атындағы грантын алу үшін конкурсқа өткен семестрде тек "өте жақсы" (А, А-) және "жақсы" (В+, В, В -) бағалары бар, СҒҚ-ның жұмысына, ғылыми бағыттағы іс-шараларға, шығармашылық байқауларға, университеттің мәдени-кәсіби және тәжірибелік қызметіне белсенді қатысатын екінші және жоғарғы курс студенттері жіберіледі.
 - 7.7.2. Ректордың грантын алу үшін конкурсқа өткен семестрде тек "өте жақсы" (А, А-) және "жақсы" (В+, В, В -) бағалары бар, негізінен әлеуметтік әлсіз топтардан шыққан (мүгедек студенттер, жетім студенттер, толық емес/көп балалы/тұрмысы төмен отбасылардан шыққан студенттер, мүгедек/зейнеткерлер ата-аналары бар студенттер) екінші және жоғарғы курс студенттері жіберіледі.
 - 7.7.3. Университет М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ақылы негізінде білім алушыларға жеңілдіктер (шегерімдер) беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер мен шегерімдер ұсынады.
 - 7.7.4. Екінші және одан кейінгі курстарда жеңілдіктер күндізгі оқу түрі бойынша ақылы негізде білім алушыларға емтихан сессиясын сәтті тапсырған жағдайда, сондай-ақ, университеттің құрама командаларының мүшелеріне ұсынылады.
- 7.8. Жоғары білім беру біліктілігін, оқыту кезеңдерін және алдыңғы білім беруді, бейресми білім беруді тануды қоса алғанда, объективті тануға кепілдік беру үшін университет:
 - тану туралы Лиссабон конвенциясы іс-әрекеттерінің сәйкестігін қамтамасыз етеді;
 - Қазақстан Республикасында тану және нострификациялау рәсімі бойынша атқарушы орган болып табылатын Болон процесі мен ҚР БҒМ академиялық ұтқырлығы орталығымен бірге қызмет жасайды.
- 7.9. Басқа қазақстандық немесе шетелдік оқу орындарында алған біліктілікті тану оқу кредиттерінің трансфертін толтырудың бекітілген ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- 7.10. Білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға тиісті дәрежесі және қосымшасымен (транскрипт) мемлекеттік үлгідегі диплом, сондай-ақ дипломға Еуропалық қосымшасы (European Diploma Supplement) беріледі. Құжаттар қол жеткізілген оқу нәтижелері туралы ақпаратты, алынған білім мәнмәтінін, мазмұнын, мәртебесін, оны аяқтау куәліктерін қамтиды.
- 7.11. Қабылдау, пәндерді таңдау, бағалау және оқу нәтижелерін мойындау негізгі ережелері М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Академиялық саясатында анықталған.
- 7.12. Қабылдау, бағалау, тану және шығарудың барлық рәсімдері өзекті күйде сақталынуда және білім алушылар үшін университет сайтында «Ішкі нормативтік құжаттар тізілімі» тарауында қол жетімді.

8. Оқытушылар құрамы

Оқытушы сапалы білім беруді қамтамасыз етуде және білім алушылардың білім, құзіреттіліктер мен дағдыларды меңгеруді қамтамасыз етуде шешуші тұлға болып табылады. Университет жұмысқа қабылдаудың, меритократияның принципіне сәйкес барлық қызметкерлердің кәсіптік өсуі мен дамуының айқын рәсімдерін анықтайды, жариялайды және қолданады.

- 8.1. Университет өз қызметкерлерінің сапасы мен олардың тиімді жұмыс істеуіне жағымды жағдай жасау үшін жауапты.
- 8.2. ПОҚ пен қызметкерлерді дамыту мақсатында университет қызметкерлермен жұмыс істеу саласындағы үздік тәжірибе есебімен кадрлық басқарудың амалдарын, тәсілдері мен құралдарын біріктіретін және қызметкерлерді басқару саласындағы университеттің ортақ амалы мен құндылықтар жүйесін қалыптастыратын кадрлық саясатты қамтамасыз етеді. Оқытушылардың әлеуетін дамыту бойынша университеттің қызметі студентке бағытталған оқытуға сәйкес оның рөлін өзгертуге бағытталған.
- 8.3. Университет Кадрлық саясаттың келесі негізгі қағидаларын анықтайды:
 - кешенділік – қызметкерлерді басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
 - жүйелілік – саясаттың барлық құрамдас элементтерін өзара әрекеттестікте қарастыру;
 - негізділік – максималды экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз ете алатын қызметкерлерді басқару саласындағы заманауи ғылыми зерттемелерді қолдану;
 - тиімділік – қызметкерлерді басқару саласындағы шараларға деген шығын орны нәтижелермен толу қажет;
 - басқару үдерісінің барлық кезеңдеріндегі айқындық;
 - меритократия – жетекші лауазымдарда әлеуметтік тегі мен қаржылық ауқатына қарамастан ең қабілетті адамдар болу қажеттігіне сәйкес басқару қағидасы.
- 8.4. Оқытудың маңыздылығын тани отырып, университет қызметкерлерді жұмысқа қабылдаудың, лауазымға тағайындаудың, бос қызмет орындарына орналасудың, қызмет бойынша жоғарылаудың, қызметтен босатудың айқын, ашық және объективті критерийлерен әзірлейді және оларды меритократия қағидасына сәйкес қолданады.
- 8.5. Академиялық кадрларға деген сапалық және сандық қажеттілік мемлекетпен білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен анықталады.
- 8.6. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын дербес айқындайды, профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерді лауазымдарға конкурстық тағайындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді.
- 8.7. Бос лауазымдарға өтінімдерді қарау конкурстық комиссиямен әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы мен профессорлық-оқытушылар құрамы санынан жүргізеді. Комиссия жұмысының нәтижелері бойынша университет ректоры үшін еңбек шартын жасасу мүмкіндігі туралы ұсыныс қалыптастырылады.
- 8.8. Университет біліктілікті арттыру жоспарын жыл сайынғы әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ете отырып, профессорлық-оқытушылар құрамының мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндіктер береді. Университет бес жылда бір рет ПОҚ үшін міндетті түрдегі біліктілікті арттыруды қамтамасыз етеді.
- 8.9. Талантты және білікті қызметкерлерді дамыту, сақтау және алға бастыру мақсатында университет кадрлық резерв жүйесін құрайды және қолдайды.
- 8.10. Жеке еңбек дауларын объективті қарастыру үшін университетте келістіруші комиссиясы құрылған.

- 8.11. Мотивациялық саланы құру үшін университет рейтинг нәтижелері бойынша қосымша қаржыландыруды қамтитын ПОҚ рейтингтік бағалау жүйесін қолдайды және дамытады.
- 8.12. Жеке еңбек дауларын объективті қарау үшін университетте келісім комиссиясы құрылды.
- 8.13. Білім мен ғылыми зерттеулер арасындағы байланысты нығайту үшін университет академиялық құрамның ғылыми қызметін:
- ғылыми мектептер мен ұжымдарын құру және олардың жұмыс істеуі;
 - ғылыми қызметті ынталандыру жүйесін енгізу мен ғылыми оқиғалар туралы тұрақты ақпараттандыру;
 - ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу;
 - халықаралық ғылыми деректер қорын, электрондық ғылыми журналдарды пайдалану мүмкіндігін беру;
 - ғылыми ұстанымдарды ғылыми алаңдарда ұсынуға, соның ішінде ғылыми конференцияларға және конкурстарға, журналдардағы жарияланымдарға қатысуға жәрдемдесу;
 - ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігін жоспарлау және мониторингілеу.
- 8.14. Университет инновациялық оқыту әдістерін енгізу мен оқытудың озық технологияларын пайдалануға жағдай жасайды:
- қазақстандық және шетелдік ұйымдарда инновациялық әдістер мен технологиялар саласында оқытушылардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету,
 - семинарлар және шеберлік сабақтар шеңберінде жаңа әдістері мен технологияларын енгізу тәжірибесін тарату;
 - оқу үдерісін қазіргі заманғы жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыздандырумен жарақтандыру;
 - ПОҚ-ты рейтингтік бағалау жүйесіне инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу көрсеткіштерін қосу;
 - инновацияларды қолдану мен оқытудың белсенді әдістерін пайдалану нәтижелілігі мен тиімділігін бақылау.

9. Оқу ресурстары мен білім алушыларды қолдау жүйесі

Университет оқу ресурстарының және білім алушыларды қолдау қызметінің жеткілікті, қол жетімді және мақсаттарға тиісті болуын қамтамасыз етеді. Оқу ресурстарын бөлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде университет білім алушылардың әр түрлі топтарының сұранысын ескереді.

- 9.1. Университеттің инфрақұрылымы университет қалашығының мәртебесі бар бірыңғай кешенді білдіреді және оқу корпустарын, мультимедиялық аудиторияларды, нақты-виртуалды зертханаларды, компьютерлік сыныптарды, спорт залдарын, бассейнді, жатақханаларды, оқу-өндірістік кешенін, агробистанцияны қамтиды.
- 9.2. Білім алушыларға академиялық қолдау көрсетуді қабылдау комиссиясы, «Foundation» факультеті, тіркеуші офісі, «QYZYLJAR» студенттерге қызмет көрсету орталығы, кәсіптік тәжірибе және жұмысқа орналастыру бөлімі, академиялық ұтқырлық және көптілді білім беру бөлімі, кітапхана қамтамасыз етеді.
- 9.3. Білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуді Тәрбие және әлеуметтік жұмысы жөніндегі департаменті, спорт клубы, денсаулық пункті, театр ұжымдары мен музыкалық бірлестіктер қамтамасыз етеді.

- 9.4. Әрбір білім алушы оқудың барлық кезеңі ішінде келесі ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қолжетімділікпен қамтамасыз етілген:
- [Университеттің ресми сайтына](#)
 - [Ғылыми кітапханаға](#)
 - [Электрондық кітапханаға](#)
 - [Оқу үдерісін басқару бойынша ақпараттық-талдау кешеніне](#)
 - [e-Learning қашықтықтан оқыту жүйесіне](#)
- 9.5. Барлық білім алушылар үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиетті, сондай-ақ, шетелдік және отандық мерзімді басылымдарды қамтитын кітапхананың кітап қорына қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Кітапханаға ақпараттық қолдау көрсету университеттің ресми сайты «Ғылыми кітапхана» тарауының аясында жүзеге асырылады.
- 9.6. Университет студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында университет оқытушыларының әдістемелік зерттемелерін (оқу-әдістемелік кешені, бейне, электрондық кітаптар, электрондық басылымдар), жоғары сұранымдағы әдебиетті, көп тілділік оқытуға арналған әдебиетті қамтитын Электрондық кітапхананы қалыптастырады және қолдайды. Электрондық кітапхана ресурстарына қашықтан қатынасу тәулік бойы қамтамасыз етіледі.
- 9.7. Электрондық кітапхана аясында Қазақстандық ұлттық электронды кітапханасының (ҚҰЭК), Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасының (РЖООАЭК), SpringerLink, «Scopus», eLIBRARY, Clarivate, «Лань» электронды-кітапханалық жүйесінің, «Elsevier», ScienceDirect электрондық ақпараттық ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етілген.
- 9.8. Қашықтық технологияларын қолданумен оқыту «e-LearningNKZU» қашықтықтан оқыту жүйесінің негізінде іске асырылады. Университет білім алушылар мен оқытушылар үшін жүйеге қолжетімділікті кез-келген нүктеден және тәуліктің кез-келген уақытында қамтамасыз етеді.
- Жүйеде білім алушылар үшін пәндер бойынша оқу материалы, сондай-ақ, академиялық күнтізбе, жеке жоспар, кесте, білімді бағалау нәтижелері мен жетістіктер, оқу үдерісінің жаңалықтары туралы ақпарат қол жетімді. Жүйе оқу барысында оқытушылармен байланысуға мүмкіндік береді.
